



Автор: Иmekешева Куралай Мардановна

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 10-сынып

Бөлім: Адам өмірін сақтау

Тақырып: Адам және табиғат

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	10.1.2.1. мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды , тілдік оралымдарды талдау. 10.4.4.1.сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай білу
Сабақтың мақсаты:	Оқушылар топпен және жұппен жұмыс жасай отырып, арнайы мәтіндердегі терминдер мен ұғымдарды пайдаланады, сөзжасамдық, синтаксистік нормаларды сақтайды
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар: тыңдайды, түсінеді, ойды қорытындылайды , жазады , талдайды
Бағалау критерийлері:	Мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі терминдер мен ұғымдарды , тілдік оралымдарды талдай отырып, сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтау
Құндылықтарды дарыту:	Табиғатты қорғау , адамгершілік қасиеттер, жақсылық жасау т.б
АКТ-ны қолдану дағдылары:	презентация аудиоматериал
Пәнаралық байланыс:	Биология, география
Бастапқы білім:	Ғаламшардағы жаһандық мәселелер

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (7 мин)	Топқа бөлу Оқушыларды қиықшалар арқылы 4 топқа бөлу. 1-топ су , 2-топ терек , 3- топ ауа-райы , 4-топ кемпірқосақ . Топтардағы суреттер арқылы сабақ тақырыбын анықтау, мақсатпен таныстыру Қызығушылықты ояту . «Адам және табиғат» тақырыбында бейнежазба арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту.	«Адам және табиғат» бейнесюжет

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25 мин)	ТЖ. 1-тапсырма. «Болжау» әдісі бойынша «Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, табиғаттың оны айтуға тілі жоқ . Қазақстан табиғаты 100 жылдан соң...» деген тақырыпта өз ойларыңды білдіріңдер, терминдер мен ұғымдарды қолданыңдар 1-топ осы тақырыпта мақала жазады 2-топ осы тақырыпта сұхбат алады 3-топ және 4-топ осы тақырыпта пікірталасқа түседі. Дескриптор: 1. Әр түрлі стильде өз ойларын білдіреді.2.терминдер мен ұғымдарды қолданады «Комментарий» әдісі бойыншабағалау 2-тапсырма. ЖЖ. «Дауыстап ойлау» әдісі бойынша берілгенмәтінмен таныс, сөздердің жасалу түрлерін анықта (бірігу, тіркесу,қосарлану,қысқару) , синтаксистік нормаларды сақта. 1-топ мәтінменжұмыс 2-топ мәтінмен жұмыс 3-топ нақыл сөзбен жұмыс 4-топ нақыл сөзбен жұмыс Дескриптор: 1.мәтінмен танысады 2.сөздердіңжасалу түрлерін анықтайды 3.синтаксистік нормаларды сақтайды «Бірін-бірі бағалау» әдісі бойынша топтар бір -бірін бағалайды 1-мәтін Біздіқоршаған орта: жан-жануарлар мен өсімдіктер, Жер мен Ай, Күн меналыстағы жұлдыздар — осылардың барлығы да табиғат деген ауқымдыұғымды білдіреді. Адам - табиғаттың ажырамас бөлігі. Сондықтанхалқымызда «Жер-Ана» деген егіз ұғым қалыптасқан. Жерді өз Анасындай,Анасын Күндей қастерлеу Ата қостаған салтымыз. «Жер шоқтығы -Көкшетау», «Жер жаннаты - Жетісу» деп, бабаларымыз туған жерге,табиғатқа деген ыстық махаббатын білдірген. Сондықтан орман-тоғайларды сақтап, қоршаған ортаның, өзен мен көлдердің ластанбауынаерекше мән берген. Тапсырма. Мәтіннен тіркескен, біріккен , қосарланған сөздерді тауып, дәптерге жазып ал 2-мәтін Табиғат - тіршілік көзі. Оның әрбір әсері адам өмірінде үлкен роль атқарады. Аяулы табиғатсыз осы ғаламда өмір сүру, тіршілік ету мүмкін емес еді. Жыл мезгілдерінің өзгеруі де, табиғатты одан әрі әсерлейді. Әр жыл мезгілі әр қилы. Төрт жыл мезгілі бізге төрт түрлі ғажайып күйін сыйлайды. Таудан сарқырап аққан өзеннің айналасында өксіген оттай жанған жануарларды көрудің өзі керемет көрініс емес пе?! Бау-бақшада өскен жеміс-жидектердің иісі мұрын жарады. Жайқалып өскен түрлі гүлдер көзге өз кереметтігін сыйға тартады. Аспаннан күннің көзі түскенде, жердің жүзі қуана қыбырлайды. Көлдер қойнын ашса, қаңқылдап оған құстар қонар. Табиғат жайлы өнегелі сөздер, мақалдар мен өлең- жырлар да аз емес. Оның керемет әсемдігін жырлаған, суреттеп жазған ақындар баршылық. Табиғат көркемдігін өз өлең-шумақтарында жырлаған ақындардың қатарында Абай Құнанбайұлы («Жаз!», «Күз», «Қыс»), Сұлтанмахмұт Торайғыров («Шілде»), Қасым Аманжолов («Дауыл»), Ыбырай Алтынсарин («Өзен») сияқты ақындарды атауға болады. Тапсырма. Мәтіннен тіркескен, біріккен , қосарланған сөздерді тауып, дәптерге жазып ал 3.қанатты сөз Табиғаттың өзінде өзгеше бір сүйсінерлік, жанға жайлы бір нәрсе бар. Ш.Уәлиханов 4. Қанатты сөз Табиғат көп көріп, көп тыңдау үшін екі көз, екі құлақ берді, ал аз сөйлеу үшін бір ғана ауыз берді. Сократ Сергіту сәті . Табиғат туралы видеоматериал көру, әуенін тыңдау .	Микрофон, газет , маркерлер
Сабақтың соңы (8 мин)	Біз табиғаттың өзін қайта түлететін ұрпақпыз. Жер, су, ауа – адам баласының ұрпағынан ұрпағына мұра болып келе жатқан мол қазына... Әрбір ағашты, әрбір бұтақты, жалғыз дәнді де ыждағаттылықпен сақтау, қамқор болу – басты міндеттің бірі. Ы.Жақаев Қыс мезгіліндегі тал суреті тақтаға ілінеді.Оқушыларға жапырақ формалы стикерлер таратылып, бүгінгі сабақтан алған әсерлерін , табиғатты қорғау туралы ұсыныстары жазылып, талға жапсырылады.	Стикерлер